



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕРЕЖЕ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің
сыртқы сараптау комиссиясы туралы



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

«Аккредиттеу және рейтингтің
тәуелсіз агенттігі» КЕМ
директорының 27.04.2012 жылғы
№09-12-ОД бұйрығымен бекітілген
(2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 82-
18 / 1-ОД бұйрығымен өзгертулер
мен толықтырулармен енгізілген)

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің сыртқы сараптау комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1 Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің сыртқы сараптау комиссиясы туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) білім беру деңгейі мен бағытына қарамастан, Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі - IAAR) Жарғысына және Аккредиттеу стандарттарына сәйкес әзірленді.

1.2 Ереже білім беру ұйымдарын (бұдан әрі - БҰ) (институционалдық) және жекелеген білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) (мамандандырылған (бағдарламалық)) аккредиттеуді жүргізу үшін сыртқы сараптау комиссияларының (бұдан әрі – ССК) қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

1.3 ССК-ны IAAR институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу, оның ішінде IAAR бастапқы институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу критерийлері бойынша БҰ және (немесе) ББ сапасын бағалауды жүзеге асыру және Аккредиттеу кеңесінің (бұдан әрі – АС) қарауы үшін аккредиттеу бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін құрады

1.4 ССК жұмысының негізгі міндеттері:

1) БҰ және (немесе) ББ өзін-өзі бағалау нәтижелерінің толықтығы мен дұрыстығын бақылау;

2) БҰ және (немесе) ББ сапасын сыртқы бағалау жөніндегі IAAR стандарттарына сәйкес бағалау жүргізу;

3) БҰ және (немесе) ББ бағалау қорытындылары бойынша ССК есебін әзірлеу;

4) БҰ және (немесе) ББ сапасын жақсарту жөнінде ұсынымдар дайындау;

5) БҰ және (немесе) ББ институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуге, оның ішінде бастапқы институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық)

аккредиттеуге даярлық деңгейіне сәйкес аккредиттеу бойынша АК үшін ұсынымдар дайындау.

1.5 ССК қызметін ұйымдық және техникалық қамтамасыз етуді IAAR жүзеге асырады.

1.6 IAAR үйлестірушісі ССК жұмысын ұйымдастырып, үйлестіреді.

1.7 ССК мүшелерінің еңбекақысын IAAR қызмет көрсету туралы шарт негізінде жүзеге асырады.

1.8 IAAR сарапшыларға арналған оқыту семинарларын мерзімді түрде ұйымдастырады. Сарапшылар үшін оқыту семинарларын өткізуге арналған шығыстарды төлеуді IAAR жүзеге асырады.

1.9 Сапаны сыртқы бағалауды жүргізудің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады: объективтілік, анықтық, тұтастық, ашықтық, айқындық, сыртқы бағалауды өткізу және БҰ-ға бару процесінде моральдық-этикалық нормаларды сақтау.

1.10 ББ-ны сапалы бағалауды және ССК қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында аккредиттелетін ББ-ны кластерлерге бөлуді көздейтін кластерлік тәсіл іске асырылады. ББ кластері - оқыту тілі мен білім беру деңгейіне және дайындық бағытына қарамастан, бір топқа 6-дан аспайтын біртекті білім беру бағдарламаларын біріктіру. Болжамды кластерлер және білім беру бағдарламаларын кластерлерге біріктіру қағидаттары бағаланатын БҰ-мен алдын ала талқыланады. ССК бір барған сапарында 30-дан аспайтын ББ-ға бағалау жүргізе алады.

«Кластерлік тәсіл» білім беру бағдарламаларын кластерлік бағалауды білдірмейді. ССК әрбір ББ-ны жеке алқалы қарап, бағалайды, сондай-ақ IAAR АК әрбір жеке білім беру бағдарламасы бойынша шешім қабылдайды.

1.11 БҰ берген өтінімінің негізінде ССК-ның бір сапары шеңберінде бірлескен институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу, оның ішінде бастапқы институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте ССК құрамына сарапшылар білім беру бағдарламаларының барлық бағыттарын ескере отырып, институционалдық аккредиттеу және ББ кластерлерін мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу үшін жеке белгіленеді. Бірлескен аккредиттеу кезінде ССК бір барған сапарында 30-дан аспайтын ББ-ға бағалау жүргізеді.

1.12 Бірлескен халықаралық аккредиттеу жүргізілген жағдайда, ССК мен кластерлерді қалыптастыру тәртібі әріптес агенттіктер арасында әзірленген жеке Нұсқаулықпен реттеледі.

2. Сыртқы сараптау комиссияларын ұйымдастыру тәртібі және олардың қызметінің негізгі бағыттары

2.1 ССК қызмет бағыттары мен ұсынылатын білім беру қызметтерін ескере отырып, әрбір аккредиттелетін БҰ-да құрылады. ССК IAAR бас директорының бұйрығы негізінде академиялық, кәсіби және студенттік қоғамдастықтың сертификатталған өкілдері қатарынан құрылады. ССК құрамын аккредиттелетін БҰ-дағы ББ санына байланысты IAAR құрады. IAAR бас директорының бұйрығымен ССК құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

2.2 ССК құрамына бір ұйымның екіден артық өкілі кірмейді.

2.3 ССК құрамына ССК жұмысына бірінші рет қатысатын кемінде бір сарапшыны қосуға рұқсат етіледі.

2.4 Қажет болған жағдайда, БҰ ССК құрамында шетелдік сарапшы үшін аудармашыны ұсынады.

2.5 Институционалдық аккредиттеуді, оның ішінде бастапқы институционалдық аккредиттеуді жүргізу кезінде ССК сарапшыларының саны 5-6 адамды құрайды.

2.6 Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуді, оның ішінде бастапқы мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуді жүргізу кезінде ССК құрамы аккредиттелетін ББ санына байланысты қалыптастырылады.

2.7 ССК құрамына:

1) ССК төрағасы – БҰ-да жұмыс тәжірибесі бар, аккредиттеу процесінде мол тәжірибесі мен білімі бар академиялық қоғамдастық қатарынан сертификатталған сарапшы;

2) ұлттық сарапшы – қызмет саласы немесе мүдделері білім және ғылыммен байланысты сертификатталған сарапшы;

3) шетелдік сарапшы – IAAR сарапшыларының дерекқорынан және (немесе) шетелдік әріптес аккредиттеу агенттіктерінен сертификатталған сарапшы;

4) жұмыс берушілер арасынан сарапшы – сертификатталған сарапшы, кәсіптік қауымдастықтың немесе қоғамдастықтың, бейінді ведомстволардың не жұмыс берушілер бірлестіктерінің өкілі;

5) білім алушылар қатарынан сарапшы – аккредиттелгеннен басқа, БҰ ұсынған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ББ іске асыратын БҰ аға курсына оқитын сертификатталған сарапшы не студенттік ұйымдар мен бірлестіктер кіреді.

2.8 Мүдделер қақтығысын **болдырмау үшін:**

1) аккредиттеу стандарттары мен нұсқаулықтарының критерийлеріне сәйкес өзін-өзі бағалау есебін дайындау бойынша БҰ жұмыс тобы үшін семинар-тренинг өткізген IAAR сарапшысы және қызметкері осы БҰ-дағы ССК құрамына енгізілмейді;

2) IAAR ССК сапарына дейін 14 күнтізбелік күн бұрын ССК құрамының қалыптастырылған тізімін келісу үшін БҰ жібереді.

2.9 Білім беру ұйымы **мүдделер қақтығысын** болдырмау үшін қандай да бір кандидатураны қабылдамауға құқылы. БҰ тарапынан ССК мүшесіне(-леріне) қарсылық болған жағдайда, осы ұйымның басшысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде негіздемесімен IAAR -ға ресми хат жолдайды. IAAR қажет болған жағдайда, сарапшыны ауыстырады.

2.10 ССК мүшелері әрбір сапар шеңберінде IAAR сыртқы сарапшысының мүдделер қақтығысының болмауы туралы өтініш-міндеттемеге және Этикалық нормалар кодексіне қол қояды.

2.11 Сарапшы IAAR үйлестірушісін БҰ-мен кез келген байланыс немесе сыртқы бағалау процесіне байланысты әлеуетті қақтығысқа әкелуі мүмкін өз мүддесі туралы хабардар етуге міндетті.

2.12 ССК-нің әрбір мүшесі білім беру ұйымын және (немесе) білім беру бағдарламасын аккредиттеу процесінде Сыртқы бағалау рәсімін ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулықта көзделген функциялар мен міндеттерді сапалы орындауы тиіс. Негізді себепсіз орындамау және бас тарту IAAR сыртқы сарапшысының Этикалық нормалар кодексін бұзуы ретінде қарастырылады және әлі аяқталмаған жұмысқа пропорционалды қаламақы төлеудің қысқаруына әкелуі мүмкін.

2.13 ССК-нің БҰ-ға сапары IAAR директоры бекіткен және БҰ бірінші басшысымен келісілген бағдарлама негізінде жүргізіледі.

2.14 IAAR ССК мүшелерін мынадай материалдармен қамтамасыз етеді:

- 1) Институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттары мен нұсқаулықтары;
- 2) БҰ және (немесе) ББ сыртқы бағалау бойынша IAAR нормативтік құжаттары;
- 3) Өзін-өзі бағалау жөніндегі БҰ есебі және оған қосымшалар;
- 4) сарапшының дәптері.

2.15 ССК өзін-өзі бағалау есебінің IAAR стандарттарына сәйкестігін қарайды, рецензияны дайындап, IAAR -ға жібереді. Білім беру ұйымын және (немесе) білім беру бағдарламасын аккредиттеу процесінде сыртқы бағалау рәсімін ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулықта көзделген IAAR талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, рецензия сарапшыға пысықтауға жіберіледі. Қайта сәйкес келмеген жағдайда, IAAR аталған сарапшыны ССК жұмысына қатысудан шеттетуге құқылы.

2.16 ССК-ның БҰ-ға сапары осы Ережеге сәйкес 3-5 күн ішінде өткізіледі.

2.17 ССК төрағасы:

- 1) БҰ-ға сапар бағдарламасын әзірлеуге қатысады және оны іске асыруға жауапты болады, ССК мүшелерінің жұмысын басқарады және үйлестіреді, ССК-мен бірлесіп БҰ және (немесе) ББ сапасын жақсарту жөніндегі ұсынымдармен және АК-ға арналған ұсынымдары бар есеп дайындайды;

2) сапарды ұйымдастыру және бағдарламаны келісу мәселелері бойынша сыртқы бағалау жүргізілгенге дейін IAAR үйлестірушісімен өзара іс-қимыл жасайды;

3) күн тәртібін және кеңестердің өткізілуін айқындайды; ;

4) сараптамалық комиссия мүшелерінің әртүрлі нысаналы топтармен кездесулерге қатысуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ сарапшылардың сыртқы бағалаудың негізгі мақсатын және БҰ-ға сапарының сақталуын бақылайды;

5) IAAR стандарттарына сәйкес «Институционалдық немесе мамандандырылған (бағдарламалық) бейіннің параметрлері» бағалау кестесін ССК барлық құрамының алқалық талқылауын қамтамасыз етеді;

6) аккредиттеу жөніндегі ұсынымдарды келісу үшін ССК мүшелерімен қорытынды отырыс өткізеді;

7) БҰ-ға сапардың нәтижелерін және АК отырысында ССК есебінің негізгі ережелерін таныстырады.

2.18 ССК мүшелері:

2.18.1 Сапар алдында:

1) барлық құжаттаманы, оның ішінде өзін-өзі бағалау есебін және кез келген басқа да қолжетімді ақпаратты (Институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарын, оның ішінде бастапқы институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу білім беру саласындағы құқықтық актілерді, IAAR, БҰ веб-сайттарын және т. б.) зерделеуге

2) IAAR -мен және ССК төрағасымен байланыс жасауға;

3) IAAR талаптарына сәйкес институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттары мен критерийлеріне сәйкестігіне рецензия дайындауға (жұмыс берушілер мен білім алушылардан басқа);

4) IAAR үйлестірушісімен және төрағасымен БҰ-ға сапарды талқылауға;

5) IAAR үйлестірушісімен сапардың егжей-тегжейін келісуге;

6) ССК алдын ала кездесуіне қатысу міндетті.

2.18.2 Сапар кезінде:

1) барлық кездесулер мен талқылауларға белсенді қатысу, ССК жұмысына өз үлесін қосу;

2) бағалау бағытқа байланысты ССК ішінде міндеттерді орындау;

3) IAAR бақылаушысы мен төрағаға ССК жұмысы барысында туындайтын кез келген күмәндар мен мәселелер туралы хабарлауға міндетті;

4) сапардың бүкіл кезеңі ішінде ССК құрамындағы жұмысты үзбеуге;

5) ССК төрағасының келісімі бойынша кездесулерде сөз сөйлеуге;

6) алынған деректерді құжаттауға;

7) ССК төрағасын сыртқы бағалау кезінде алынған деректер бойынша

қажетті құжаттамамен қамтамасыз етуге;

8) нысаналы топтармен сұхбат жүргізуге;

9) ССК сапар бағдарламасына сәйкес сабақтардың әртүрлі түрлеріне, оқу үй-жайларына, практикалар базасына және т. б. баруға; ;

10) білім беру процесіне қанағаттану дәрежесін анықтауға бағытталған оқытушылар мен білім алушыларға онлайн сауалнама жүргізуге қатысуға;

11) IAAR үйлестірушісі және Төрағасы арқылы БҰ және (немесе) ББ перспективалылығын талдау үшін қажетті қосымша ақпарат алуға міндетті.

2.18.3 Сапардан кейін:

1) ССК есебін дайындауға қатысу;

2) сапар барысында алынған құпия материалдарды жоюға;

3) АК ресми шешімі қабылданғанға дейін БҰ және (немесе) ББ сыртқы бағалау нәтижелерін жария етпеу.

2.19 Бағалау нәтижелері бойынша алқалық шешім негізінде ССК АК үшін аккредиттеу жөніндегі және БҰ және (немесе) ББ сапасын жақсарту жөніндегі ұсынымдармен есеп дайындайды. ССК мүшелерінің бірінде ССК мүшелерінің көпшілігімен сәйкес келмейтін өзге шешім қалыптастырылған жағдайда, бұл есеп мәтінінде тіркеледі. БҰ-ға сапардың нәтижелері туралы есепті ССК сарапшылары жасайды, оған ССК төрағасы мен мүшелері қол қояды.

2.20 ССК АК үшін мынадай ұсыныстарды береді:

1) БҰ және (немесе) ББ-ны 1/3/5 жыл мерзімге аккредиттеу (қайталама аккредиттеу (қайта аккредиттеу) жағдайында комиссия өзге мерзімдерді ұсынуы мүмкін);

2) БҰ және (немесе) ББ аккредитацияламау.

2.20.1 БҰ және (немесе) ББ IAAR стандарттарына сәйкес келген жағдайда, ССК сапаны жақсарту бойынша ұсыныс шығарады.

2.20.2 БҰ және (немесе) ББ IAAR стандарттарына сәйкес келмеген жағдайда, ССК БҰ және (немесе) ББ-ны IAAR стандарттарына сәйкес келтіру үшін қажетті шараларды анықтауды ұсынады.

2.21 Сыртқы бағалау кезінде алынған БҰ туралы ақпарат құпия ретінде ұсынылады және жариялауға жатпайды. ССК мүшелері АК шешім қабылданғанға дейін сыртқы бағалау нәтижелерінің жобасын жария етпеуі немесе түсініктеме бермеуі тиіс.

2.22 Сыртқы бағалаудың объективтілігі, біреудің мүдделерін лоббилендіру, сыбайлас жемқорлық бойынша БҰ тарапынан айыпталған жағдайда, БҰ тарапынан арыздар негізінде материалдарды Апелляциялар мен шағымдарды қарау жөніндегі комиссияға береді, ол өз қызметін Апелляциялар мен шағымдарды қарау жөніндегі комиссия туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.